

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
10.11.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 10.11.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Бірінші мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Әсет Қазақбайұлы Шындалиев мырзаға беріледі.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қылмыстық процеске үш буынды модель енгізу бойынша түзетулер туралы заң жобасы Президент жолдауларында берген тапсырмаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы 2020 жылы үш буынды модельді енгізуді тапсырды. 2021 жылы прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін кеңейту қажет деді.

Өткен жылдың аяғында Парламент тергеушінің негізгі шешімдерін прокурормен келісу туралы заң қабылдады. Бұндай келісу қылмыстық процестің үш буынды моделіне көшудің бірінші кезеңі болып табылады. Бұл тәртіп үлгі ретінде Еуропа елдерінен алынды.

Осы жылдың басынан бастап тергеу органдарының күдікті деп тану, әрекеттерді саралау, тергеу мерзімдерін үзу, істі тоқтату туралы шешімдерін тек прокурор заңдастырады. Прокурор келісім бермесе, олар заңсыз болып табылады.

Электронды іс-жүргізуді енгізу – процесті жедел әрі жеңіл етуге мүмкіндік берді.

Тергеуші істі прокуратураға жолдамайды. Ол өз қаулысын жүйеде әзірлеген кезде прокурорға бірден электронды хабарлама түседі.

Сонымен қатар прокурордың шешім қабылдау мерзімі де қысқарды. Бұрын істер бір ай қаралса, ал қазір 24 сағаттан 3 күнге дейін қаралады.

Шешімдер заңды болғанда прокурор оларға цифрлы қол қойып келіседі, ал заңсыз болса, бас тартады.

Өткен он айдың ішінде прокурорлар тергеудің 329 мың қаулысын тексеріп, 287 мың шешімге келісім берді. Қалған шешімдер қолдау таппады не олар түзету үшін қайтарылды.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы Жолдауында қылмыстық процестің үш буынды моделінде прокурор қылмыстық қудалау органдары жинаған дәлелдерге тәуелсіз баға беруі тиіс деп атап өткен.

Сол себепті үш буынды модельге көшудің екінші кезеңінде прокурорға айыптау актісін өзі толтыру құқығын беру ұсынылады.

Прокурор күдіктінің әрекетіне жиналған дәлелдер негізінде толық және тәуелсіз баға бере отырып саралау жасайтын болады.

Айыптау актісінде күдіктіге қандай айып тағылғаны, қылмысты қалай жасағаны, жасау себептері, салдары, кінәсін растайтын мән-жайлар, сондай-ақ қылмыстың қандай баппен сараланып отырғаны көрсетіледі.

Мұндай тәртіп алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесінде де бар.

Құрметті депутаттар! Заң жобасының негізгі ережелері мыналар.

Бірінші. Айыптау актісін жасауды прокурорға кезең-кезеңімен беру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, 2022 жылдан бастап бірқатар аса ауыр қылмыстар, 2023 жылдан бастап сыбайлас жемқорлық бойынша істер, ал 2024 жылдан бастап барлық істер бойынша енгізілмек.

Тергеушінің есебінде тергеу нәтижелері туралы қысқаша тұжырымдар ғана болады. Жиналған дәлелдерге талдау жасалмайды.

Барлық сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қорытынды беретін түпкілікті құжат прокурордың кеңейтілген айыптау актісі болып табылады. Ол құжатта прокурор жиналған дәлелдерге талдау жасайды және баға береді, қылмыстық істі сотқа жолдау туралы мәселені шешеді. Бұл өкілеттік прокурордың мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы конституциялық функциясынан тарайды.

Екінші. Анықтау және жеделдетілген тергеуді хаттамамен аяқтау ұсынылады. Осындай санаттағы істер бойынша үлкен айыптау актісінің орнына қысқаша хаттама жасалады. Оны прокурор бекітіп, істі сотқа жолдайтын болады.

Үшінші. Қылмыстық теріс қылық туралы істер бойынша тергеу рәсімін барынша жеңілдету ұсынылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық істер сияқты бір хаттамада бірнеше процестік шешімдер мен әрекеттер бекітілмек.

Әкімшілік істермен салыстырып отырған себебіміз, соңғы бес жылда тіркелген теріс қылықтардың 75 пайызы бұрынғы әкімшілік құқық бұзушылықтар.

Бүгінгі таңда орта есеппен қылмыстық теріс қылықтар бойынша анықтау органы 20 негізгі және 10 қосымша қаулы шығарады.

Біз қылмыстық теріс қылықтар бойынша негізгі процестік құжаттар санын екі есеге қысқартуды ұсынамыз, яғни 20-ның орнына 10 негізгі шешім қабылдауға мүмкіндік болады.

Төртінші. Жобада тергеуді жылдамдату үшін тергеуші прокурордың келісімінсіз күдіктіден жауап алу мүмкіндігі көзделген. Мысалы, адам елді мекеннен алыс жерде ұсталды, ал тергеуші тез арада дәлелді бекітуі тиіс. Мұндай жағдайда тергеуші алдымен күдіктіден жауап алып, сосын прокурорға материалдарды келісім алуға жібереді.

Бесінші. Сот сатыларында істерді қарауға байланысты түзетулер бар.

Бірінші сатыдағы сот өз шешімінде техникалық қате жіберсе, онда оны қосымша қаулысымен өзі түзете алатын болады. Қазір сот актісінде онша маңызды емес қате болса, ол апелляциялық сатыда түзетіледі. Бұл тараптардың уақытын алады, актінің күшіне ену мерзімін кешіктіреді, оның үстіне сот ресурстары кетеді.

Күшіне енген сот актілерін кассацияда қайта қарау туралы өтініштері алқалы түрде үш судья зерделейтін болады. Бұл тараптардың дәлелдерін тексеруді әділ етуге бағытталған.

Жоғарғы Соттың төменгі соттардың актілеріне өзгерістер енгізу негіздерінің тізімі енгізіледі. Қазір апелляцияда сияқты кассацияда бұл мәселе реттелмеген. Заң жобасы осы сұрақты реттейді.

Заң жобасын қарау кезінде Мәжіліс депутаттары бірқатар ұсыныстар берді. Олар жобаның нормаларын жақсартуға арналған. Атап айтсақ, күрделі және көп эпизодты істер бойынша айыптау актісін дайындау мерзімін бір айға ұзарту ұсынылды.

Бұдан бөлек, прокурор қылмыстық іспен танысу кезінде тергеу судьясына күдіктіні қамаққа алу мерзімін ұзарту туралы ұсыныс жасау мүмкіндігі көзделген.

Заң жобасының негізгі ережелері осылар. Қолдау көрсетуді сұраймын.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Әсет Қазакбайұлы! Заң жобасымен енгізілетін түзетулерге сәйкес прокурор алдын ала тергеп-тексеру істері бойынша айыптау актілерін жасайтын болады. Бұл прокуратураға, жалпы, прокуратура қызметкерлеріне қосымша жүктеме түсіреді. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Прокуратура органдары мұндай жүктемеге дайын ба және осы жаңа бастамаларды енгізуге дайындық шаралары жүргізілді ме? Рақмет.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Осы жаңа моделді енгізудің алдында біз бірқатар іс-шара өткіздік. Ең алдымен ішкі резервтен штатты қайта қарастырдық. 1 сәуірден бастап Шымкент қаласы мен Павлодар облысында адам өлтіру бойынша прокурорлар өздері процессуалдық шешімдерді шығара бастады. Бұл тәжірибе 1 шілдеден бастап барлық өңірлерге де енгізілді.

Осы жобаның аясында прокурорлар 240 адам өлтіру бойынша қылмыстық істі тергеген. Ол қылмыстық істер бойынша барлық

процессуалдық шешімдерді, оның ішінде айыптау актісін прокурорлар өздері әзірледі.

Тамыз айынан бастап прокурорлар басқа санаттағы қылмыстық істер бойынша айыптау актісін дайындауға кірісті. Нәтижесінде қазіргі кезде прокурорлар 2 мыңнан аса айыптау актісін әзірледі.

Біз прокуратура органдарының басшылық құрамы үшін айыптау актісін дайындау бойынша арнайы көшпелі семинарлар өткізудеміз. Қазіргі кезде осындай семинар 13 облыста өтті. Осы аптаның аяғына дейін тағы төрт облыста бұл жұмысты бітіреміз. Біз іс жүргізу құжаттарын, соның ішінде айыптау актісінің үлгілерін әзірлеудеміз. Осы ұйымдастыру шараларын ескерсек, меніңше, прокуратура органдары жаңа механизмді сатылап енгізуге дайын деуге болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Колода Дмитрий Владимировичке беріледі.

КОЛОДА Д.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Верховного Суда.

Согласно действующим нормам Уголовно-процессуального кодекса если судебное заседание зафиксировано на аудио-, видеозаписях, то составляется краткий протокол судебного заседания. В нем указываются только так называемые реквизиты – дата, время, место начала и окончания судебного заседания, фамилии и инициалы судей, секретаря судебного заседания, наименование дела, данные о подсудимом и другие вопросы.

Законопроектом предлагается расширить краткий протокол новыми сведениями. Теперь краткий протокол должен содержать также сведения о заявлениях и ходатайствах сторон, вынесенных постановлениях суда и другие сведения.

В связи с этим у меня возникает вопрос.

Если все это уже есть в аудио- и видеозаписях, то зачем их еще раз переносить в протокол, какая в этом необходимость? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Жукенов Абдрашид Толегенович. Верховный Суд.

ЖУКЕНОВ Ә.Т. Добрый день, Нурлан Зайруллаевич, уважаемые депутаты! Данная поправка крайне необходима. На практике у нас возникает очень много вопросов. Я поясню, почему.

Краткий письменный протокол – очень краткий, в нем идут только фамилии выступающих. Мы и участники процесса при изучении аудио-, видеозаписей теряемся. Запись бывает очень некачественной. Также возникают вопросы, когда есть множество дисков с аудиозаписями. Поэтому мы предлагаем четко урегулировать при ознакомлении с аудио-, видеозаписями.

Фактически аудио-, видеозапись – это электронный протокол. То есть он фиксирует от начала до конца, а краткий протокол – это содержание, ведение. Поэтому мы предлагаем расширить содержание. Содержание не будет дублировать электронный протокол, а будет лишь указывать, где можно

найти, допустим, допрос свидетеля или выступление участника процесса. Это необходимо. Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Когда Вы приходили сюда (не в этом созыве), по аудио-, видеозаписи аргументировали, что бумажные протоколы – это огромный ворох бумаг, поэтому просим этот формат поддержать. Мы поддержали. Теперь у вас обратная сторона – некачественная аудио-, видеозапись, что-то теряется, просим вернуть нам протоколы. Протоколы мы можем поддержать, но какие сведения вы будете туда заносить? Заявления, ходатайства? Тогда до второго чтения четко конкретизируйте, чтобы у вас не получилось то, о чем сейчас говорит депутат Колода Дмитрий Владимирович, повторяется все, что есть в аудио-, видеозаписях. Тогда зачем мы вам ту норму в ваши законодательные документы внесли?

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Нурлан Зайруллаевич, не повторяется.

ТӨРАҒА. Абдрашид Толегенович, не будет повторяться, еще раз говорю, когда вы эту норму четко пропишете в законодательстве. Заявление, ходатайство сторон, вынесенное постановление суда – вот три позиции, допустим, и все. Тогда можно еще сказать, что что-то вам дополняется. Вы сейчас в своем выступлении говорите – перечень опрошенных, перечень приглашенных. Все это есть. Зачем вы повторяете тогда аудио-, видеозапись?

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Мы не предлагаем в кратком протоколе полностью дублировать электронный протокол. Там будут только ссылки.

ТӨРАҒА. Я предлагаю так. Разберитесь до второго чтения.

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Хорошо.

ТӨРАҒА. Разберитесь. Верховный Суд сам не представляет, что туда нужно. Мы можем согласиться, поддержать Верховный Суд, но, повторяю, вы должны тогда четко в рабочей группе огласить, что вы хотите в этих протоколах увидеть. Сами не знаете еще.

Сөз депутат Төлепберген Мейрамбек Мылтықбайұлына беріледі.

ТӨЛЕПБЕРГЕН М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әсет Қазақбайұлы! Ұсынылып отырған заң жобасында қылмыстық теріс қылық туралы хаттама жасау рәсімі оңайлатылады. Яғни, кейбір шешімдер мен әрекеттер – сот ісін жүргізу тілін анықтау, қорғаушыны, аудармашыны тарту, заттарды, құжаттарды және басқа да мүлікті заттай дәлелдемелер ретінде тану, азаматтық талапкер деп тану, қорғаушыдан бас тарту туралы мәлімдеме және басқалар жеке процестік құжаттармен ресімделмейтін болады.

Барлық осы шешімдер мен әрекеттер бір құжатта – тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жасалатын қылмыстық теріс қылық туралы хаттамада көрсетілуі мүмкін. Осыған байланысты сұрағым бар.

Аталған рәсімді жеңілдету азаматтардың құқықтарын бұзуға алып келмей ме? Рақмет.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Сіз атап өткен жеңілдіктер адам құқықтарының бұзылуына әкелмейді деп ойлаймыз. Себебі заң жобасында қылмыстық процеске қатысушы

адамның құқықтарын шектейтін түзетулер жоқ. Біз қажетті тергеу әрекеттерінен бас тартпаймыз (ол заң жобасында да көрсетілген), тек процестік құжаттарды әзірлеу кезінде процедурасын жеңілдетеміз.

Атап айту керек, осы санатқа жататын істер тергеу кезінде қиындықтар тудырмайды. Сіз айтып отырған қылмыстық теріс қылықтар ол жасалғаны айқын болу керек, күдікті өз кінәсін және барлық дәлелдемелерді мойындайды. Сондықтан біз қазіргідей бірнеше процессуалдық құжаттарда шешімдерді белгілемей, бір хаттамада белгілеуді ұсынып отырмыз. Ол хаттамада адвокат кім екені, аудармашы кім екені, іс жүргізу қай тілде өткізілетіні, қандай заттай дәлелдемелер бар екені көрсетіледі. Ең маңыздысы – күдіктінің өзі мойындауы және қылмыстық теріс қылық жасағаны айқын болуы.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Әлімбаев Данияр Кенғазыұлына беріледі.

ӘЛІМБАЕВ Д.К. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Верховного Суда.

Полномочия судьи первой инстанции законопроектом расширяются правом вынесения дополнительного постановления об исправлении допущенных явных ошибок и описок.

Предлагаемая поправка направлена на упрощение судебного процесса для участников уголовного процесса и разгрузки апелляционной инстанции от рассмотрения несущественных вопросов.

Скажите, пожалуйста, не будут ли злоупотреблять данным правом судьи первой инстанции и изменять дополнительными постановлениями содержание приговоров? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Абдрашит Толегенович.

ЖҮКЕНОВ Ә.Т. Уважаемые депутаты, данная поправка необходима. Она дает возможность районным судам (об этом докладчик говорил) исправлять собственные технические ошибки путем вынесения дополнительного постановления. Это дополнительное постановление не будет затрагивать сущность приговора, обстоятельства дела, установленные приговором, квалификацию деяния, меру наказания. Речь идет лишь о тех арифметических, технических описках, которые допускаются при определении судьбы вещественных доказательств, размера гражданского иска, взыскания в Фонд компенсации вреда потерпевшим и государственной пошлины. Эти ошибки несущественны, не влекут нарушения прав и будут исправляться только в пользу осужденного. Это даст возможность оперативно обеспечивать законность и исключить волокиту.

Опасений, что судьи будут злоупотреблять своим положением, я думаю, не должно быть, поскольку уголовно-процессуальный закон четко предусматривает процессуальный механизм. То есть по этому дополнительному наказанию сторона процесса может подать жалобу, прокурор опротестовать и вышестоящий может пересмотреть любое дополнительное наказание. Поэтому полагаю, что здесь нет опасений.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Әсет Қазакбайұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Раззақ Назилә Раззақбайқызына беріледі.

РАЗЗАҚ Н.Р. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын Үкімет әзірлеп, Мәжіліс қарауына енгізді.

Заң жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында сотқа дейінгі тергеп-тексеру саласында өкілеттіктердің және жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу туралы, сондай-ақ қылмыстық істерге қатысты айыптау актілерін дайындау бойынша прокурорлардың құзыретін кезең-кезеңімен кеңейту жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Мәжілістің барлық комитеттері осы заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жұмыс тобы Жоғарғы Сот, Әділет министрлігі, Бас прокуратура, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар, қоғамдық және ғылыми ұйымдар өкілдерінің қатысуымен алты отырыс өткізді.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды, сонымен бірге мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді. Сондықтан, құрметті әріптестер, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Назилә Раззақбайқызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігі, сот төрелігінің қолжетімділігі мен ашықтығы кез келген мемлекеттің дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Бұл үшін қылмыстарды тез ашу, оларды жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту және әділ сот талқылауын жүргізу мақсатында қылмыстық-процестік заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі.

Заң жобасы азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, сот төрелігін

іске асыру сапасын жақсарту және қылмыстық процесті одан әрі реформалау мақсатында әзірленді.

Дамыған елдердің халықаралық тәжірибесіне негізделген қылмыстық қудалау мен сот төрелігін іске асырудың жана моделін құру сотқа дейінгі тергеп-тексеру, прокуратура және сот органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілік аймақтарының аражігін нақты ажыратуға мүмкіндік береді.

Заң жобасын қабылдау адамның құқықтары мен бостандықтарының, қоғам мен мемлекет мүдделерінің қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғалу дәрежесінің сапалы жаңа деңгейін қамтамасыз етеді деп санаймын.

Заң жобасын қолдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында, құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Қаулы қабылданды.



*Дүрсін! Құжаттамалармен қамтамасыз ету
Білімнің есептер жөңгерушісі
Машғ Н. Шабанбаев.*